



FTAXP 06.73.21

<https://orcid.org/0009-0006-7084-653X>

<https://orcid.org/0000-0002-6748-4826>

<https://doi.org/10.32523/2789-4320-2024-1-271-282>

Қазақстандағы қаржы даму институттарының инвестициялық портфеліне талдау жасау

М.Б. Аубакирова¹, С.Б. Мақыш²

А.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: ¹a_maxabbat@mail.ru, ²makysh.sb@yandex.ru)

Аңдатпа. Мақалада Қазақстанда инвестициялық жобаларды қаржыландыру процесіне түбегейлі қатысатын, сонымен қоса, өте маңызды орын алатын қаржы даму институттарының бірі – «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның қазіргі уақыттағы жай-күйі зерттелді. «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жағдайының көтерілуіне зор әсерін тигізетін қаржы даму институты болып табылады және сол бағытта үлкен жұмыс жүргізу процесінде екендігін атап кеткен жөн. Оның атқарып жатқан рөлі мен маңызы Қазақстанда айтарлықтай бағалы. Авторлар «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ соңғы төрт жылдағы инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін тікелей несиелеу шеңберінде кредиттік портфельдің жыл сайынғы мөлшеріне талдау жүргізді. Ресми статистикалық деректер негізінде негізгі он салалық құрылым бөлінісінде «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін берілген қарыздарға анағұрлым егжей-тегжейлі талдау жүргізілді, сондай-ақ 2022 жылдың 2019 жылға және 2022 жылдың 2021 жылға қарағандағы өзгерістері салыстырмалы түрде талқыланды. Авторлар «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның кредиттік портфелінің сандық мәндегі өңірлік құрылымын ашты.

Мақалада Қазақстандағы инвестициялық жобаларды қолдау және одан әрі дамыту үшін қаржы даму институттарын дамыту жолдары ұсынылған.

Түйін сөздер: инвестициялық жобалар, несиелік портфель, қаржы даму институты, қаржыланжыру, несиелеу, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамы, экономиканың дамуы.

Кіріспе

Қазіргі уақытта Қазақстанда инвестициялық қызметті мемлекеттік қолдау мақсатында инновациялық циклдің әрбір кезеңінде инновациялық-инвестициялық жобаларды іске асыруға мүмкіндік беретін даму институттарының жүйесі жұмыс жасауда. Ол Қазақстан экономикасын жаңғыртудың басты локомотивтерінің бірі саналады [1].

Қазақстанның даму институттарының негізгі функциясы инвестициялық ресурстардың әртүрлі себептермен инвестицияларға жағымсыз, сонымен қоса, жаңа жоғары технологиялық бәсекеге қабілетті тауарлар мен өндірістердің көзіне айнала алмайтын экономика секторларына қайта бөлуі болып табылады.

Нарықтық қарым-қатынастардың қалыптасуының әр кезеңі өз алдына даму институттар жүйесінің тұрақты өрістелуін талап ететін жаңа міндеттер қояды. Сол себепті, даму институттарын реформалау барысында олардың қызметін шапшаң ауысатын нарықтық жағдайға икемдеу, олардың мақсаттары мен міндеттерін мемлекеттің стратегиялық жоспарларына байланыстыру керек.

Қазақстандағы даму институттарының ортақ жүйесіне қайтып келетін болсақ, біз келесі қадағалауды атап өткенді жөн көрдік: Қазақстандағы тым қысқа тарихы бар квазимемлекеттік секторында анық құрылымы, айқын заңнамалық базасы, сонымен бірге ұзақ және орта мерзімді даму болашағы белгіленген басымдылықтары бар, айтарлықтай салаластық ұлттық даму институттарының жүйесі құрылған [2].

Қазақстанда жаңғырту үдерісін қаржыландыруына және басқаруына қатысатын қаржы құрылымдарының қатары бар. Келесіде, ол инвестицияларды қаржыландыруды, инновацияға беттелген инфрақұрылымдық жобалар мен ресурстарды тартуды қамтиды.

Біздің ойымызша, Қазақстанның ең маңызды, әрі түйінді қаржы даму институттарының бірі болып «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ саналады. Ол 2001 жылғы 18 мамырдың Қазақстан Республикасының Үкіметінің № 659 қаулысымен құрылды. «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ ұзақ және орта мерзімді несиені төмендетілген пайыздық мөлшерлеме қолдану арқылы несие беру барысында мемлекеттік мекемелер мен жеке секторға қаржылық демеу көрсетеді. Бұл банк «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорына тиесілі және өнеркәсіптік кәсіпорындарды несиелеу мен инфрақұрылымдық жобаларға бағдарланған. Міндетін қарастыратын болсақ, коммерциялық негізде мемлекет экономикасының бәсекеге қабілетті, шикізаттық емес секторының тездетіп дамуынекінші деңгейлі банктермен қамтамасыздандырылмайтын несиелік ресурстармен қанағаттандыру арқылы Қазақстанның тұрақты ұзақ мерзімді экономикалық өсіміне қол жеткізуіне көмек көрсету болып табылады [3].

Зерттеудің мақсаты

Мақаланы жазу барысында біз «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ инвестициялық жобаларды қаржыландыру барысындағы ағымдық ахуалды талдауды және оның дамуына байланысты түпкі мәселелерін анықтауды алға қойдық.

Зерттеу әдістері

Мақалада, ғылыми зерттеу нәтижесінде, Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері, уәкілетті мемлекеттік органдар ұсынған ресми статистикалық деректер мен «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның ресми жылдық есептіліктері пайдаланылды. Сондай-ақ, зерттеуге байланысты Қазақстанның нормативтік-құқықтық актілерін зерделеу зерттеу жұмысына едәуір пайдасын тигізгенін атап өткеніміз жөн.

Зерттеу барысында әрқилы әдістер қолданылды. Атап айтқанда, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ инвестициялық жобаларды қаржыландырудың ағымдағы жағдайын талдау және бағалау кезінде келесі әдістер пайдаланылды: экономикалық-статистикалық әдіс, себеп-салдарлық талдау әдісі. Сонымен бірге, мәселелерді анықтау және «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ инвестициялық жобаларды қаржыландыру жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу барысында абстрактілі-логикалық әдіс қолданылды.

Мақаланы жазу үшін статистикалық мәліметтер ақпараттық негіз ретінде пайдаланылды.

Мағлұматтарды графикалық бейнелеу әдісін қолдану арқылы зерттеу қарастырылған көрсеткіштер динамикасын көрнекті және анағұрлым егжей-тегжейлі анықтауға, байқап білуге көмек берді.

Зерттеу нәтижелерін талқылау

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ Қазақстанның экономикасына әлеуметтік-экономикалық ықпал ететін инвестициялық жобалар мен экспорттық операцияларға белсенді түрде ұзақ мерзімді несиелік қолдау береді.

Даму Банкінің несиелік саясаты туралы Меморандумында «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның инвестициялық басымдылығы, қарыз алудағы сандық шектеулері, несиелеу мен ортақ қаржыландырудың, экспорттық операцияларды қаржыландыру мен кепілдік беруінің мерзімі мен тәртібі, лимиттері, бағыттары, ықпалды шарттары баяндалған [4].

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның несиелік саясаты туралы Меморандумы бойынша басым бағыты «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның ішкі актілеріне сәйкес есептелген әлеуметтік-экономикалық пайдасы бар инвестициялық жобалар мен экспорттық операцияларды қаржыландыру болып табылады. Олар келесі бағыттарды дамытуға және құруға бағдарланған:

- ауыл шаруашылығы өндірісін, сонымен қоса инвестициялық жобалар шеңберінде дайын өнімді сатуды, шикізатты тасымалдауды, сатып алу мен өндіруді;
- байланыс, энергетика, көлік және де сатып алу салаларындағы инфрақұрылым объектілерін;
- химия мен мұнай, фармацевтикалық өнімдер мен дайындамалар, пластмасса мен резеңке бұйымдар, металл емес минералды өнімдер, металлургия мен металл бұйымдар, тау-кен, машина жасау өнеркәсіптерін қамтитын өнеркәсіптік өндірісін;

• медицина, туризм, білім беру, спорт пен демалыс, қоршаған ортаны қорғау, қонақ үйлер сияқты қызмет көрсету саласындағы объектілер [5].


«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның түйінді міндеттерінің бірі мемлекеттік индустриялық-инновациялық саясатқа орай стратегиялық өнеркәсіптік және инфрақұрылымдық жобаларға несие беру болып табылады.

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның инвестициялық жобаларды қаржыландыру барысында соңғы жылдары келесі мемлекеттік бағдарламалар аясында жүзеге асырылғанын атап өткен маңызды:

• 2015-2019 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы;

• 2015-2019 жылдарға арналған отандық көлік өндірушілерді, вагондар мен экспорттаушыларды қолдау бағыттары бойынша «Нұрлы жол» атты мемлекеттік бағдарламасы және тағы басқалар.

Индустрияландырудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-на шикізаттық емес экономика секторларына ұзақ және орта мерзімді несиелерді төмен пайыздық мөлшерлемеде несие беру арқылы жеке сектор мен мемлекеттік бастамаларға қаржылық көмек көрсететін мемлекеттің басты инвестициялық институтының рөлі берілді. 2019-2022 жылдарға арналған «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның инвестициялық жобаларын қаржыландыру үшін тікелей несиелеу шеңберінде несиелік портфельдің жылдық мөлшерлері 1-суретте көрсетілген.



Сурет 1. «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның инвестициялық жобаларын қаржыландыру үшін тікелей несиелеу шеңберінде несиелік портфельдің жылдық мөлшерлері, млрд.теңге
Ескерту: авторлар [6] дереккөзі негізінде құрастырған

1-суретте көрсетілген деректерден байқалғандай, 2019-2021 жылдар аралығында «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның инвестициялық жобаларға несиелік беру үшін бөлетін қаражат көлемінің ұлғаю үрдісі байқалады, бұл мемлекет экономикасының дамуына байланысты. 2019 жылдың соңына қарай тікелей несиелеу бойынша несиелік портфельдің мөлшері 1,618 млрд. теңгені құрады. 2020 жылдың соңына қарай клиенттерге берілген несиелік портфельдің көлемі өткен жылмен салыстырғанда 14,1 %-ға ұлғайып, 1 845,9 млрд. теңгені құраған. Негізінен өсім несиелендірудің дамуына тікелей байланысты. Ал, 2021 жылдың соңына қарай несиелік портфельдің көлемі 2020 жылмен салыстырғанда 6,3 %-ға төмендеп, 1 774 млрд. теңгені құрады. Төмендеу негізінен кейбір жобалар бойынша несиелерді жоспарлы және мерзімінен бұрын өтеуге байланысты болып келеді.

Неғұрлым егжей-тегжейлі талдау үшін біз 1-кестеде көрсетілген «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін берілген несиелердің салалық құрылымын қарауды ұсынамыз.

Кесте 1. «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін берілген несиелердің салалық құрылымы, млрд. теңге

Салалар	2019		2020		2021		2022		2022 жылдан 2019 жылға қарағанда өзгерістер	2022 жылдан 2021 жылға қарағанда өзгерістер
	млрд. теңге	меншікті салмағы %	млрд. теңге	меншікті салмағы %	млрд. теңге	меншікті салмағы %	млрд. теңге	меншікті салмағы %		
Мұнай өңдеу өнеркәсібі	506,4	31,3	552	29,9	498,4	24,5	401	22,6	-105,4	-97,4
Металлургия өнеркәсібі	584	36,1	315,7	17,1	405,5	20	448,4	25,3	156	42,9
Тау-кен өнеркәсібі			280,6	15,2	309,5	15,2	291,6	16,4		-17,9
Электр қуатымен жабдықтау	259	16	221,5	12	265,9	13,1	173,3	9,8	-86	-92,6
Машина жасау	19,4	1,2	88,6	4,8	112,4	5,5	118,2	6,7	98,8	5,8
Көлік және логистика	56,6	3,5	105,2	5,7	104,9	5,2	59,9	3,4	3,3	-45
Ақпарат және коммуникация	58,3	3,6	62,8	3,4	53	2,6	39,7	2,2	-18,6	-13,3

Химия өнеркәсібі	56,6	3,5	53,5	2,9	49	2,4	40,7	2,3	-15,9	-8,3
Азық-түлік өндірісі	19,4	1,2	40,6	2,2	104,1	5,1	123,5	6,9	104,1	19,4
Құрылыс материалдарын өндіру	4,9	0,3	25,8	1,4	31,6	1,6	26,5	1,5	21,6	-5,1
Ескерту: авторлар [6] дереккөзі негізінде құрастырған.										

1-кестеге сәйкес, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның Қазақстан республикасының экономикасын қаржыландыру қарқыны қарастырылып отырған 2019-2021 жылдар аралығында айтарлықтай өсті, алайда, 2022 жылы төмендеу де байқалады. Бұл теріс көрсеткіш емес, өйткені мемлекет қолдайтын салалық құрылымдардың мүлдем жаңа бағыттары көрінеді.

Клиенттерге берілген несиелердің жалпы балансының салалық құрылымы негізінен өңдеу өнеркәсібіндегі жобалармен ұсынылған. Салалар бойынша 2019-2021 жылдар кезеңінде «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ портфелінің ең үлкен үлесін мұнай өңдеу саласындағы жобалар алады: 2019 жылы – 31,3 %, 2020 жылы – 29,9 %, 2021 жылы – 24,5 %, ал 2022 жылы банк портфелінің ең салмақты үлесін металлургия өнеркәсібінің жобалары алады, ол 25,3 %-ды құрайды. Бұл 2019-2020 жылдардағы салалық құрылымдар даму бағытының өзгеруін айқын көрсетеді. Алайда, айта кететін жайт, бұл «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның миссиясы Қазақстан экономикасының шикізаттық емес секторын дамытуға жәрдемдесу болып табылатынына қарамастан «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ қаржыландыруындағы үлкен өзгерістер Қазақстанның мұнай-газ саласында байқалады: инвестициялар қарқыныны 2022 жылмен 2019 жылды салыстырғанда 105,4 млрд. теңгеге төмендеді, ал 2022 жылмен 2021 жылды салыстырғанда құлдырауын көре аламыз, ол -97,4 млрд. теңгені құрайды.

Металлургия өнеркәсібі саласы «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-нан тартылған қаржы ресурстары көлемінің үлесі бойынша екінші орын алды. Осы мақалада зерттеліп жатқан кезең аралығында бұл салада айтарлықтай қаржыландыру байқалады, дегенмен 2022 жылы металлургия өнеркәсібіне қаржы ресурстарының тартылуының кенет көтерілуі болды. 2019 жылға қатысты өсім 42,9 млрд. теңгені құрады.

Қазақстан республикасы экономикасының тамақ өнімдерін өндіру (2022 жылы 123,5 млрд теңге), машина жасау (2022 жылы 118,2 млрд теңге) салаларындағы инвестициялық жобаларды қаржыландырудағы үлесінің аздығына қарамастан, деректер бойынша осы салалардың 2019 жылдан бастап 2022 жылға дейінгі аралықта айтарлықтау өсім байқалады (19,4 млрд. теңгеден 123,5 млрд. теңгеге дейін, 19,4 млрд. теңгеден 118,2 млрд. теңгеге дейін), сонымен қоса 2022 жылмен 2021 жылды салыстырғанда да оң көрсеткіштерге ие.


Сондай-ақ, 2019-2022 жылдар аралығында көлік және логистика (2022 жылмен 2019 жылды салыстырғанда 3,3 млрд. теңгені құрады), құрылыс материалдарын өндіру (2022 жылмен 2019 жылды салыстырғанда 21,6 млрд. теңгені құрады) салаларында едәуір өсім байқалады. Алайда, бұл салаларда түбегейлі өзгерістер 2022 жылмен 2021

жылды салыстырғанда байқалады: көлік және логистика (45 млрд. теңгеге төмендеді), құрылыс материалдарын өндіру (5,1 млрд. теңгеге төмендеді). Бұл жайт атап кеткен салалар дамуынның айқын бәсеңдеуін көрсетеді.

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ тарапынан қаржыландырылатын өнеркәсіптің басқа салаларында айтарлықтай өзгерістер байқалмаған, бірқалыпты десе де болады. Статистикалық деректерге сүйенсек, салыстырудан алынып тастаған салалар да бар. Өйткені, мысалы, 2022 жылы жылжымайтын мүлік және тоқыма өндірісі сияқты салаларда инвестициялық жобалар мүлдем жоқ, бірақ 2019-2021 жылы бұл салалар бойынша деректер бар.

Жалпы, үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы мен «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылу барысында анықталған мәселелерге қарамастан, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ қаржыландырған инвестициялық жобалардың салалық құрылымы аса өзгермеген.

2-суретте «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның несиелік портфелінің өңірлік құрылымы көрсетілген.



Сурет 2. 2019-2022 жылдар аралығында «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның несиелік портфелінің аймақтық құрылымы, млрд. теңге

Ескерту: авторлар [6] дереккөзі негізінде құрастырған

2-суретте көрсетілген деректерден көріп отырғандай, 2019 жылдан бастап 2022 жылға дейінгі кезеңде Қазақстандағы ең кредиттелетін инвестициялық жобалар Шығыс Қазақстан облысында болғанын байқауға болады (2019 жылы -246 млрд. теңгені, 2020 жылы – 330 млрд. теңгені, 2022 жылы – 455 млрд. теңгені құрады), сонымен қатар 2022 жылдан бастап ең жоғарғы көрсеткіштерінің бірі –2022 жылға дейін Шығыс Қазақстанның құрамына кірген Абай облысы саналады (372 млрд теңгені құрады) [7]. Яғни, 2019-2022 жылдар аралығында «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ қаржыландырған инвестициялық жобалардың көпшілігі Шығыс Қазақстан облысында жүзеге асырылған деген қорытынды жасауға болады.

Келесі жоғарғы көрсеткіштер Павлодар облысында (2019 жылы – 314 млрд. теңге, 2020 жылы – 321 млрд.теңге) және Шымкент қаласында (2021 жылы – 307 млрд. теңге, 2022 жылы – 277 млрд. теңге) байқалады.

Сонымен қоса, 2-суретте ерекшеленген көрсеткіштер, яғни жедел көтерілу байқалады. Мысалы, 2021 жылы «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ Қарағанды облысында орналасқан 151 млрд. теңгені құрайтын сома көлемінде инвестициялық жобаларды қаржыландырды, бұл 2019 (77,7 млрд. теңге) және 2020 жылы (79,4 млрд.теңге) жылдармен салыстырғанда 2022 жылдың көрсеткіші 2 еселенді. Айта кететін жайт, үлкен сома Ұлытау облысында (63,7 млрд. теңге) қаржыландырылды, ол 2022 жылға дейін Қарағанды облысының құрамында болған [7]. Яғни, Қарағанды облысының өңірінде 2021 жылдан бастап ірі инвестициялық жобалар қаржыландырылды, бұл өңірдегі экономиканың өсу үрдісін көрсетеді.

2-сурет бойынша Солтүстік Қазақстан облысы (2020 жылы – 0,9 млрд. теңге), Қызылорда облысы (2019 жылы –9,7 млрд. теңге) және Жетісу облысы (6,4 млрд. теңге) ең төмен көрсеткіштерге ие екенін көре аламыз. Осы аймақтарда инвестициялық жобалар тым баяу дамуда немесе қаржыландыру үшін іріктеу кезінде «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның критерийлеріне сәйкес келмеген деген қорытынды жасауға болады.

Қалған өңірлерде жалпы үрдіс дамуында қалыпты болып қалғаны байқалады. Осылайша, «COVID» сырқатымен байланысты елдегі күрделі экономикалық жағдайдағы «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның қызметіне айтарлықтай әсер еткеніне қарамастан, оның қаржылық даму институттары ретінде қызметі оң бағаланады. Индустрияландыру және басқа да мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру үшін қаржы ресурстарында қажеттілігін есекере отырып, бұл қаржы институты жақын арада экономиканың басым секторларын ұзақ мерзімді қаржыландыру бойынша негізгі орынды иеленеді.

Қорытынды

Осылайша, жүргізілген талдау Қазақстанның қаржы даму институттары елдің экономикалық дамуын қаржыландыруда және инвестициялық процестерді кеңейтуде үлкен рөл атқаратынын көрсетті. Мақалада Қазақстан республикасының жетекші қаржы даму институттарының бірі - «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ және оның қаржыландыру жолымен инвестициялық жобалардың дамуына әсері қарастырылды.

Ақшалай қаражаттың ірі сомалары инвестициялық жобаларды қолдау үшін «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-на бөлінеді. 2019 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңдегі деректерді талдай отырып, біз 2021 жылы инвестициялық жобаларды қаржыландырудың шыңы болғанын, жалпы сомасы – 1892,5 млрд. теңгені құрағанын анық көреміз. Сондай-ақ, 2019 жылдан бастап 2021 жылға дейінгі өсу үрдісі байқалады, бірақ «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ында кейбір жобалар бойынша қарыздарды жоспарлы және мерзімінен бұрын өтеуге байланысты көрсеткіштер 2022 жылы төмендеді.

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ қаржыландырған салалық құрылымдарға келетін болсақ, мұнай өңдеу өнеркәсібіндегі жобаларға ғана емес, металлургия өнеркәсібіндегі инвестициялық жобаларға да қолдау көрсетілетінін атап өтуге болады. Қазіргі таңда, Қазақстан экономикасында шикізатқа тәуелділік пен елдегі осы жағдайдан шығу мәселесі өткір көтерілуде. Біздің ойымызша, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ негізінен өңдеу өнеркәсібіндегі жобаларды қолдайды және қаржыландырады, алайда бұл жоғарыда аталған мәселені шешуге мүмкіндік бермейді. Біз болашақта «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ қаржыландыратын инвестициялық жобаларды қайта қарауды, жаңа салалық бағыттарды ашуды немесе бұрыннан бар басқа салалық құрылымдарға инвестиция салуды ұсынамыз. Елдің экономика диверсификациясы өте маңызды. Ол үшін бізге жаңартылған мемлекеттік бағдарламалар қажет. Өз кезегінде, ел экономикасын дамыту үшін қомақты қаражаттың дұрыс бағытта бөлінгені жөн.

Сондай-ақ, біз инвестициялық жобалардың дамуы сол баяғы аймақтарда жергілікті түрде жүріп жатқанын көре аламыз. Бұл ел экономикасының әртараптандырылуына оң әсер етпейді.

Осыған қарамастан, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның мемлекеттің экономикасын дамытудағы ролін бағаламауға болмайды: инвестициялық жобаларды дамытуда қаржы даму институтының қосып жатқын үлесі үлкен. Қаржы даму институттарының маңыздылығы мен ролі экономикада ұзақ мерзімді қаржы ресурстарының жетіспеушілігін өтеуге көмек көрсетуімен және жоғарғы тәуелділік, ұзақ мерзімді өтелу, төмен кірістілік және бастапқы капитал салымдарының қажеттілігі сияқты себептермен коммерциялық қаржыландырылуы қиындатылған жобаларды іске асыру мүмкіндігін қамтамсыздандыруымен анықталады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қаржылық есептіліктер / Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы [Электрон. ресурс] – 2023. — URL: <https://www.nicnbk.kz/about#corporation> (қаралым: 01.12.2023)

2. Есептілік пен жоспарлар / «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры [Электрон. ресурс] – 2023. — URL: <https://www.sk.kz/about-fund/otchety-i-planu/> (қаралым: 01.12.2023)

3. Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 ж. 27 мамырдағы № 659 Қаулысы [Электрон. ресурс] – 2023. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P000001539_/history (қаралым: 15.12.2023)

4. «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның несиелік саясаты туралы Меморандумы” [Электрон. ресурс] – 2023. – URL: https://www.kdb.kz/bank/about-us/?sphrase_id=55590 (қаралым: 01.12.2023)

5. «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның ресми сайты [Электрон. ресурс] – 2023. – URL: www.kdv.kz (қаралым: 01.12.2023)

6. 2018-2022 жылдардағы «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның жылдық есептіліктері [Электрон. ресурс] – 2023. – URL: <https://www.kdb.kz/investors/financial-and-annual-reporting/> (қаралым: 01.12.2023)

7. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 мамырдағы № 887 Жарлығы [Электрон. ресурс] – 2023. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200000887> (қаралым: 01.12.2023)

М.Б. Аубакирова, С.Б. Мақыш

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Анализ инвестиционного портфеля финансовых институтов развития в Казахстане

Аннотация. В статье представлено исследование текущего состояния финансирования инвестиционных проектов одним из значимых финансовых институтов развития – АО «Банк Развития Казахстана», которое принимает особое участие в процессе финансирования инвестиционных проектов в Казахстане. Следует отметить, что АО «Банк Развития Казахстана» является финансовым институтом развития, который оказывает огромное влияние на рост социально-экономического положения государства и находится в процессе большой работы в этом направлении. Роль и значение, которые он выполняет, очень ценны в Казахстане. Авторами проведен анализ ежегодного размера кредитного портфеля в рамках прямого кредитования для финансирования инвестиционных проектов АО «Банк Развития Казахстана» за последние четыре года. На основе официальных статистических данных произведен более детально анализ выданных займов для финансирования инвестиционных проектов АО «Банк Развития Казахстана» в разрезе основных десяти отраслевых структур, также рассмотрены изменения 2022 года к 2019 году и 2022 года к 2021 году. Авторами раскрыта региональная структура кредитного портфеля АО «Банк Развития Казахстана» в числовом значении.

В статье предложены пути развития финансовых институтов развития для поддержки и дальнейшего развития инвестиционных проектов в Казахстане.

Ключевые слова: инвестиционные проекты, кредитный портфель, финансовый институт развития, финансирование, кредитование, акционерное общество «Банк Развития Казахстана», развитие экономики.

M.B. Aubakirova, S.B. Makysh

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Analysis of the investment portfolio of financial development institutions in Kazakhstan

Abstract. The article presents a study of the current state of financing of investment projects by one of the most important financial institutions of development – JSC «Development Bank of Kazakhstan», which takes a special part in the process of financing investment projects in Kazakhstan. The authors analyzed the annual size of the loan portfolio within the framework of direct lending to finance investment projects of the Development Bank of Kazakhstan JSC over the past four years. Based on official statistical data, a more detailed analysis of loans issued to finance investment projects of Development Bank of Kazakhstan JSC in the context of the main ten industry structures was carried out, and changes in 2022 to 2019 and 2022 to 2021 were also considered. The authors have revealed the regional structure of the loan portfolio of the Development Bank of Kazakhstan JSC in numerical terms.

The article suggests ways to develop financial development institutions to support and further develop investment projects in Kazakhstan.

Keywords: investment projects, loan portfolio, financial development institution, financing, lending, joint-stock company «Development Bank of Kazakhstan», economic development.

References

1. Karzhylyk esepilikter / Kazakstan Respublikasy Ul'tytk Bankinin Ul'tytk investicijalyk korporacijasy [Financial Reports / National Investment Corporation of the National Bank of the Republic of Kazakhstan]. Available at: <https://www.nicnbk.kz/about#corporation> [in Kazakh] (accessed 01.12.2023).
2. Eseptilik pen zhosparlar / «Samuryk-Kazyna» ultytk al-aukat kory [Reports and plans / Samruk Kazyna National Welfare Fund]. Available at: <https://www.sk.kz/about-fund/otchety-i-plany/> [in Kazakh] (accessed 01.12.2023).
3. Respublikalyk menshiktegi ujymdar akcijalarynyn memlekettik paketteri men memlekettik ulesterine ielik etu zhane pajdalanu zhonindegi kukyktardy beru turaly Kazakstan Respublikasynyn Ukimetinin 1999 zh. 27 мамырдagy № 659 Kaulysy [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated May 27, 1999 No. 659 On the Transfer of Rights to Own and Use State Blocks of Shares and State Shares in Organizations Owned by the Republic]. Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P000001539_/history [in Kazakh] (accessed 15.12.2023).
4. «Kazakstannyn Damu Banki» AK-nyn nesielik sajasaty turaly Memorandumy [Memorandum on the Credit Policy of JSC “Development Bank of Kazakhstan”]. Available at: https://www.kdb.kz/bank/about-us/?sphrase_id=55590 [in Kazakh] (accessed 01.12.2023).
5. «Kazakstannyn Damu Banki» AK-nyn resmi sajty [The official website of JSC “Development Bank of Kazakhstan”]. Available at: <https://www.kdb.kz> [in Kazakh] (accessed 01.12.2023).
6. 2018-2022 zhyldardagy «Kazakstannyn Damu Banki» AK-nyn zhyldyk esepilikteri [Annual reports of the Development Bank of Kazakhstan JSC for 2018-2022]. Available at: <https://www.kdb.kz/investors/financial-and-annual-reporting/> [in Kazakh] (accessed 01.12.2023).
7. Kazakstan Respublikasynyn akimshilik-aumaktyk kurylysynyn kejbir maseleleri turaly

Kazakstan Respublikasynyn Prezidentinin 2022 zhylgy 3 мамыrdagy № 887 Zharlygy [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated May 3, 2022 No. 887 «On some issues of the administrative and territorial structure of the Republic of Kazakhstan»]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200000887> [in Kazakh] (accessed 01.12.2023).

Авторлар туралы мәліметтер:

Аубакирова Махаббат Биржановна – PhD докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Астана, Қазақстан. ORCID 0009-0006-7084-653X

Мақыш Серік Биханұлы – э.ф.д, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Астана, Қазақстан. ORCID 0000-0002-6748-4826

Aubakirova Makhabbat Birzhanovna – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. ORCID 0009-0006-7084-653X

Makysh Serik Bikhanuly – Doctor of Economics, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. ORCID 0000-0002-6748-4826



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).